

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 139 (9201)

1953 жылғы

14 июль

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Үгітші болу — абройлы міндет

СОКП-ның XIX съезі партия ұйымдарынан идеялық-саяси ықпал жасаудың барлық құралдарын жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның саяси қырағылығын және саналдылығын арттыруға үнемі ықпалын жұмсап отырды талап етті. Партияның бұқараға идеялық-саяси ықпал жасайтын құралдарының бірі — саяси үгіт болып табылады.

Партия ұйымдары еңбекшілер бұқарасы арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты үгітшілер армиясы арқылы жүргізеді.

Совет адамдарының күн санап өсіп отырған рухани талабы үгітшілердің саяси білімі жоғары болуын, кәсіпорындары мен колхоз, совхоздардың өмірін жете білуін талап етеді. Осы талаптың дәрежесінде болған үгітші ғана саяси үгітті әсерлі ұйымдастыра алады. Облысымызда өздерінің қажырлы еңбегімен де, әсерлі сөзімен де үлгі көрсетіп жүрген үгітшілер аз емес.

Мысалға колхозшы-коммунист В. С. Сергеев жолдасты алуға болады. Ол «Луч Ленина» колхозы (Петропавл ауданы) партия ұйымының үгітшілер коллективіндегі үлгілі үгітшілердің бірінен саналады. Сергеев жолдас колхоз өндірісінде қажырлы еңбек етумен бірге, өзінің саяси білімін үнемі арттырып отырады. Партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылында Сергеев жолдас СОКП тарихын үйренетін жоғарғы типті үйірмеде оқып, қорытынды сабақтарда партияның XIX съезінің материалдары бойынша терең білім алғанын байқағты. Ол газет, журналдарды үзбей оқын, еліміздің ішкі және сыртқы жағдайларының жайын әрқашан біліп отырады. Сергеев жолдас өзі үгітші болып істейтін № 2 бригадала саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастырып келеді. Үгітші қай тақырыпта болсын, әрбір әңгімесін бригада мүшелерінің алдында тұрған нақтылы саяси-шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстырады. Сөйтін, колхозшыларды социалистік жарыстың туғын жоғары ұстау мақсатына жұмылдырады.

Алайда, барлық жерде үгітшілер өз міндеттерінің дәрежесінде жұмыс істеп жүр деп айта алмаймыз. Өйткені, жасыратыны жоқ, бірқатар үгітшілер өздерінің әңгімелерін формальді өткізеді, оны коллективтің өмірімен байланыстырмайды. Ол-олма, кейбір жолдастар үгітшілер коллективінің тізімінде есептелгені болмаса, бұқара арасында ешқандай жұмыс жүргізбейді. Мұның өзі кейбір партия ұйымдарының саяси жұмысқа әлі де болса немәсетті қарауларынан, үгіт жұмысына бөлінген коммунистер мен комсомолецтерге және партияда жеңіл интеллигенттерге қатаң талап қоймауынан болып отыр. Мәселен, Полудень ауданындағы «Красный Октябрь» колхозында екі пішеншілер бригадасы жұмыс істейді. Үгітшілер Идианенко, Молотков жолдастар шөп шабу науқаны басталғаннан бері бригадалардағы пішеншілермен бірде-бір әңгіме өткізген емес. Басқаны айтпағанда бұл үгітшілердің өздері саяси білім дәрежелерін үнемі арттырып отырмауы салдарынан өмірден артта

Коммунистік партияның Орталық Комитетінің төңірегіне тығыз топтасамыз

ХАБАРОВСК, 11 июль. (СОПА). Хабаровск өлкесінің кәсіпорындарында, колхоздары мен мекемелерінде СОКП Орталық Комитеті Пленумының қорытындысына арналған жыйналыстар мен әңгімелер өткізілуде. Балықшылар, бұғы өсірушілер, колхозшылар, металлшылар мен жұмысшылар Берияның партияға және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері жою жөніндегі СОКП Орталық Комитеті Президиумының дер кезінде және батыл қолданған шараларын бірауыздан мақұлдауда.

Хабаровск заводы коллективінің жыйналысында оператор Милованов жолдас сөз сөйлеп, былай деді:

— Берияның дұшпандық әрекетін батыл түрде әшкерелеген партияның Орталық Комитетіне біз шын жүректен алғыс айтамыз. Біз сүйікті Коммунистік партия мен туысқан Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасамыз.

Нагасово бухтасының балық аулау бригадасының бригадирі Савицкий жолдас балықшылардың жыйналысында:

— Камчатка мен Охот теңізінің жағалауларында, Амурдың жағасында кәзіргі замандағы техникамен жабдыкталған қуатты балық кәсіпорындары салынып өсті. Мектептері, емханалары, клубтары бар жаңа қалалар мен жұмысшы поселкелері пайда болды. Орыстар мен чукчалар, қорықтар мен эскимостар ауқатты және мәдениетті өмір сүруде.

Коммунистік партияның данышпандық басшылығы арқасында совет халқы коммунизмге қарай сеніммен алға басып келеді. Біздің ұлы жоспарларды жүзеге асыруымызға бөгет боларлықтай күш дүние жүзінде жоқ.

Жыйналыстарда өлке еңбекшілері сүйікті Отанмыздың игілігі үшін, коммунизмнің жеңісі үшін бұрынғыдан да күшті қажырлылықпен еңбек етуге уәде берді.

СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ СЕНІМ ШЕКСІЗ

УЛЬЯНОВСК, 11 июль. (СОПА). Каза-

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумында

Кәсіподақтары Орталық Комитеттері председателдерінің қатысуымен ББСО-тың Президиумы СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты істері туралы» қаулысын бірауыздан және толық қуаттайды және бұл қаулыны басшылыққа алып, жүзеге асырады.

ББСО-тың Президиумы Совет Одағының миллиондаған жұмысшылары мен қызметшілері атынан опасыз азғын және авантюрист, халықаралық империализмнің агенті, Коммунистік Партия мен совет халқының қас жауы Берияны кезінде және батыл әшкерелегені үшін Орталық партия Комитетінің Президиумына жапыңды алғыс айтады.

Берияның қылмысты авантюрасын жою шетелдік империалистік күштердің Совет Үкметіне қарсы жаралған жоспарларының әрқашан күйреп келгендігін және партияның үкмет пен халықтың ұлы бірлігі мен жеңімпаз қуаты арқылы ол жоспарлардың талқандалып отыратындығын тағы бір рет дәлелдейді.

Біздің партиямыздың қатарының бірлігі социализм үшін, барлық халық жауларына қарсы күрестің барлық кезеңінде жеңіске жетудің шешуші шарты болды.

Партия қатарының бірлігі Ұлы Отан соғысының ең ауыр сын күндерінде совет халқының жеңіске жетуінің шешуші шарты болды.

Біздің партиямыздың қатарының бірлігі коммунизмге қарай сеніммен алға басушы совет қоғамының ұлы өмірлік күші болып келді және бола береді де.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті И. В. Сталин қайтыс болғаннан кейін еліміздің бүкіл өміріне дәйекті және дүрыс басшылықты, біздің Отанмыздың экономикалық және қорғаныс қуатын нығайтуды, халық шаруашылығының барлық салаларын үздіксіз өркендетуді, совет адамдарының тұрмысын онан сайын жақсартуды, Совет Одағының халықаралық жағдайын және беделін нығайтуды қамтамасыз өткенін Совет Одағының еңбекшілері көріп отыр.

Совет қоғамының жеңіспен алға басуын тоқтата алатын дүние жүзінде ешқандай күш жоқ. Біздің ісіміз жеңілмейді. Қолдағы рульді берік ұстап, арандату әрекеттерінен де, қорқытудан да ешбір тайсалмай, өз жолымызбен алға басуымыз керек.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалсын

СОКП XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында: «Бесінші бесжылдық жоспар СССР халық шаруашылығының жаңадан күшті өркендеуін белгілейді және халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің онан әрі өдеуіне артуын қамтамасыз етеді.

Бесінші бесжылдық жоспардың орындалуы социализмнен коммунизмге қарай даму жолымен алға басудың ірі қадамы болады» деп атап көрсетілген. Сондықтан да еліміздің өнеркәсіп орындарының коллективтері мемлекеттік жоспарларды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістетіп отырып, өндірістік тамаша табыстарға ие болуда.

Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облысымыздың өнеркәсіп орындарында да үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдық жоспарын орындау күресі пәрменді жүргізілді. Өздерінің алған міндеттемелерін аброймен орындауға жетіскен алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын кеміту жөніндегі көрсеткіштерді әлде қайда жақсартта түсті.

Мәселен, Петропавлдың нан комбинатының (директоры Евраев жолдас) жұмысшылары бірінші жартыжылдықтың жоспарын мерзімінен көп бұрын орындап, июнь айының өзінде екінші жартыжылдықтың есебіне жүздеген мың сомның өнімін берді. Сонымен қатар, коллектив кәсіпорының экономикалық басқа да көрсеткіштері бойынша игі нәтижелерге жетісті. Комбинатта өнімнің өзіндік құны жоспарлардан екі есе кемітілді, үнемделген мемлекет қаржысының жалпы сомасы 400 мың сомнан асты. Міне, мұның өзі аталған кәсіпорының жұмысшылары мен қызметшілері арасында табысқа жетудің негізгі шарты — социалистік жарыстың мейлінше кең өрістетілгендігін айқын дәлелдейді.

Жалғыз бұл емес, Петропавлдың темекі фабрикасының коллективі де мемлекеттік жоспарды ай сайын асыра орындауға жетісіп келеді. Фабриканың жұмысшылары өткен жартыжылдықтың тапсырмасын мерзімінен 10 күн бұрын орындап шықты.

Еңбек өнімділігін арттыруға, алған міндеттемелердің барлық көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етуге үнемі жетісіп келе жатқан кәсіпорындарының қатарына Октябрь революциясы атындағы былғары заводы, «Главмука» завод басқармасының дирмендерін және басқа бірқатар кәсіпшілік артельдерін қосуға болады. Атап айта кету қажет, жоғарыдағы кәсіпорындарының партия, кәсіподақ ұйымдары мен шаруашылық басшылары бүкіл коллективті алда тұрған міндеттерді орындау күресіне жұмылдыра білді. Сондықтан да олар әрқашан өздерінің серттерін қалтқысыз жүзеге асыру арқылы бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын орындау күресіне келеді үлес қосып келеді.

